

# ДУУ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

19 сентябрь Жұма

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйым

## Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы халықтарының мызғымас достығы жасасын!

інін

### Совет үкметі мен Қытай Халық Республикасының үкмет делегациясы арасындағы келіссөздер туралы СОВЕТ-ҚЫТАЙ мазмұндамасы

сын, колхоздарды  
иялық негіздерімен  
адамдардың жібері  
өселен, Октябрь ау-  
ндағы колхоздың  
Нұрманов, «Победа»  
елі болған Сидорич,  
Қазақстанның 30  
председатель бо-  
дегендер дәл осын  
қты. Бұлар—колхоз  
ы, қоғамдық мал-  
і, қаражатты талан  
тамыр-таныстарына  
самен сату арқылы  
руашылығын нығай  
дер.

лхоз құрылысының  
лет, оған епкімнің  
не, талан-тараққа  
де кім бұл жолға  
дысының жауы бо-  
най адамдар қатаң  
үшін колхоздардың  
тайтуға деген қам-  
ы қырағы сақтық  
XIX съезінің қара-  
ан бесінші бесжыл  
гі директиваларла  
шай жүзеге асыру,

Соңғы уақыттың ішінде Москвада бір жарыған ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. В. Сталин, ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский және ССРО сыртқы сауда Министрі П. Н. Бумбыкин, екінші жағынан Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Эн-лай бастаған, құрамында Мемлекеттік Әкімшілік Советі Премьерінің Орынбасары Чэнь Юнь, Финанс Экономикалық Комитет Председателінің Орынбасары Ли Фу-чунь, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі елшісі Чжан Вэй-тянь және Бас Штаб Бастығының орынбасары Су Юй бар Үкмет делегациясы арасында келіссөздер болды.

Бұл келіссөздер кезінде Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қатынастың маңызды саяси және экономикалық мәселелері қаралды. Шын ниеттілік және өзара достық түсінушілік жағдайында өткен келіссөздер екі жақтың өзара достық пен ынтымақты оған әрі нығайтып, өркендете беруге өз күш-

терін жұмсауға, сонымен бірге, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті баянды етіп, нығайтуға барынша көмектесуге ұмтылатынын дәлелдеді.

Келіссөздердің барысында екі жақ Қытай Чанчунь темір жолын біртесіп басқару жөніндегі Совет Үкметінің барлық праволарын, жолдың барлық мүліктерін қоса, Қытай Халық Республикасы үкметінің толық меншігіне тегін беру жөніндегі шараларды 1952 жылдың аяғында жүзеге асыруға кірісуге келісті.

Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Эн-лай және ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский Қытайдың соғыс-теңіз базасы—Порт-Артурды біртесіп пайдалану мерзімін ұзарту туралы мәселе жөнінде өзара ноталар алысты.

Жоғарыда айтылған ноталар, сонымен қатар Қытай Чанчунь темір жолы туралы совет-қытай мазмұндамасы төменде жарияланып отыр.

### Қытай Чанчунь темір жолын Қытай Халық Республикасының Үкметіне беру туралы СОВЕТ-ҚЫТАЙ мазмұндамасы



не астық тапсыру жоспарларын бұлжытпай орындап келеді. Өткен жылы колхоз бір миллион сомдай кіріс алса, быйыл колхоз кірісінің мөлшері анағұрлым арқаулы отыр.

Қоғамдық шаруашылығы өркендеп отырған колхоздар облыста аз емес. Бірақ, бұған қарап, облысты тұтас алғанда артель Уставын бұзушылық фактілері ақырына дейін жойылды деп ойлауға, солай қорытынды шығаруға мүлдем болмайды. Демек, редакцияға жергілікті жерлерден түсініксіз хабарларға қарағанда кейбір аудандарда Уставты өрескел бұзушылық, партия мен үкметтің колхоз құрылымы жөніндегі саясатын көріне-көзге бұрмалаушылық сияқты фактілердің әлі күнге жойылмағандығы байқалады.

Турасын айту керек, мұндай өрескелдіктер колхоздарды басқару ісіне кадрлар іріктеліп алынбай, оған жұртшылық сенімін ақтамайтын, өзінің жеке басының

тың бұл нұсқауы ауылшаруашылық артели Уставының негізіне алынды. Демек, колхозшылардың дербес мүдделерін колхоздардың қоғамдық мүдделерімен ұштастыра білу — қоғамдық шаруашылықты нығайту, оның табыстарын молайту деген сөз. Олай болса, партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту жөнінде сөз болғанда, осы мәселемен жете шұғылдануға тиіс.

Ауылшаруашылық артелинің Уставы — колхоз өмірінің бұлжымас берік заңы. Уставты сөзсіз жүзеге асыра отырып, облысымыздың ауыл шаруашылығын мықтап өркендетейік, сөйтіп, елімізде азық-түлік молшылығын жасау ісіне келелі үлес қосатын болайық. Партиямыздың XIX съезі директивалары жобасында ауыл шаруашылығын өркендете беру жөнінде көрсетілген міндеттерді мінсіз орындап шығу үшін күресейік!

### Л. Н. ТОЛСТОЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ КІТАБЫНЫҢ ЖАРЫҚҚА ШЫҚҚАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА

Совет әдебиетінің жұртшылығы Л. Н. Толстойдың алғашқы шығармасының — «Менің балалық шағымның тарихы» деген кітабының жарыққа шыққанына 100 жыл толуы күнін атап өтуде. Кейіннен бұл кітап «Балалық шақ» деген атпен қайтадан басылған болатын.

Ұлы орыс жазушысының Москвадағы әдебиет музейінде көркемсөздің данышпан шеберінің өмірі мен қызметіне байланысты көптеген материалдардың ішінде «Сов-

ременник» журналының 1852 жылғы 18 сентябрьде шыққан тоғызыншы номері бар. Онда «Л. Н. Т.» деген жасырын атпен осы повесть жарияланған.

Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметтеріне қарағанда, Л. Н. Толстойдың кітаптары ССРО-да жалпы тиражы 47.631 мың дана болып, 1318 рет басылып шыққан. Оның шығармалары 73 тілге аударылған.

### К. Э. ЦИОЛКОВСКИЙДІҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ ТОЛУЫНА

17 сентябрьде К. Э. Циолковскийдің туғанына 95 жыл толды. Орыстың осы тамаша оқымыстысының есімі дирижабль құрылымы және реактивтік қозғалыс саласындағы аса көрнекті табыстары арқылы кеңінен тарады. К. Э. Циолковскийдің тамаша зерттеулеріне кәзіргі уақытта да ғылыми тұрғыдан ерекше көңіл бөлінуде.

ССРО Ғылым академиясында К. Э. Циолковскийдің мұраларын зерттеу жүріп жатыр. Техникалық ғылымдар бөлімі саласында К. Э. Циолковскийдің еңбектерін

зерттеу және баспаға әзірлеу жөнінде арнаулы комиссия құрылды. Ол комиссия ұлы оқымыстының творчествосына байланысты материалдарды зерттейді және оның еңбектерін баспаға әзірлейді. Баспаның бірінші томына К. Э. Циолковскийдің аэродинамика саласындағы зерттеулері кірген. Бұдан кейінгі томдарға оның реактивтік ұшқыш аппараттары салаларындағы еңбектері, тапқан жаңалықтары, жаратылыстану жөніндегі зерттеулері кіреді. (СОТА).

2-статьясында белгіленген, бірлесіп пайдаланылатын Қытайдың соғыс-теңіз базасы—Порт-Артурдан совет әскерлерін әкету мерзімін Қытай Халық Республикасы мен Жапония арасында және Совет Одағы мен Жапония арасында бітім договорлары қашан жасалғанға дейін ұзартуды ұсынады және Совет Үкметінің бұл мерзімді ұзартуға келісуін сұрайды.

Егер Совет Үкметі Қытай Халық Республикасы Үкметінің жоғарыда айтылған ұсынысына келісетін болса, онда осы нота және Сіздің жауап нотаңыз Қытай Халық Республикасы мен ССРО арасында 1950 жылғы 14 февральда жасалған соғыс-теңіз базасы—Порт-Артур жөніндегі келісімнің осы ноталар алынған күннен бастап күшіне кіретін тұтас бір бөлегі деп есептеледі.

Министр жолдас, Сізді менің зор құрметпен қадірлейтінімді білдірген сенімімді Сіздің қабыл алуыңызды сұраймын.

ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙ.

15 сентябрь 1952 жыл.

## Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Премьері Чжоу Энь-лай бастаған Қытай делегациясының және Монгол Халық Республикасының Ю. Цеденбал бастаған Үкмет делегациясының келісімінің осы нота және Сіздің жауап нотаңыз Қытай Халық Республикасы мен ССРО арасында 1950 жылғы 14 февральда жасалған соғыс-теңіз базасы—Порт-Артур жөніндегі келісімнің осы ноталар алынған күннен бастап күшіне кіретін тұтас бір бөлегі деп есептеледі.

### И.В. Сталиннің қонақас

15 сентябрьде ССРО Министрлер Советінің Председатели И. В. Сталин Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Энь-лай бастаған Қытай Халық Республикасы Үкмет делегациясының және Монгол Халық Республикасының Премьер-Министрі Ю. Цеденбал бастаған Үкмет делегациясының құрметіне Кремльде қонақасы берді.

Қытай жағынан қонақасыда Чжоу Энь-лай, Мемлекеттік Әкімшілік Советі жанындағы Финанс-Экономикалық Комитет Председателинің Орынбасары Ли-Фу-чунь, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Чжан Вэнь-тянь, Халық-революциялық Соғыс Советінің Бас Штабы Бастығының Орынбасары Су Юй, Ауыр Өнеркәсіп Министрі Ван Хао-шоу, Отын Өнеркәсіп Министрі Чань Юй, Финанс-Экономикалық Комитет Секретариатының Бастығы Сунь Шао-вэнь, Қытай Халық Республикасы Соғыс-Әуе Күштерінің Қолбасшысы Лю Я-лоу, Қытай Халық Республикасы Соғыс-Теңіз Флоты Қолбасшысының Орынбасары Ло Шунь-чу, Қытай Халық Республикасының Артиллерия Қолбасшысының Орынбасары Цю Чуань-чэн, Машина Жасау Өнеркәсіп Министрінің Орынбасары Ван Дао-хань, пошта-телеграф және телефон Министрінің Орынбасары Ван Чжэн, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Саяси Секретары Ши Чжэ, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің ССРО және Шығыс Еуропа елдері бөлімінің Бастығы Сюй И-синь, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Азия бөлімінің бастығы Чань Цзя-кан, Елшіліктің Кеңесшісі Гэ Бао-цзюань, Елшіліктің Сауда Кеңесшісі Ли

келісімінің осы нота және Сіздің жауап нотаңыз Қытай Халық Республикасы мен ССРО арасында 1950 жылғы 14 февральда жасалған соғыс-теңіз базасы—Порт-Артур жөніндегі келісімнің осы ноталар алынған күннен бастап күшіне кіретін тұтас бір бөлегі деп есептеледі.

15 сентябрь

Цян, Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Ю. Цеденбал бастаған Үкмет делегациясының құрметіне Кремльде қонақасы берді.

Совет жағынан қонақасыда Ворошилов, А. Сабуров, И. Ф. Вышинский, Игнатьев, П. Сыртқы Істер Министрінің Саяси Секретары С. А. Борисов, вице-адмирал В. П. М. Н. Т. Федоренко, Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Ю. Цеденбал бастаған Үкмет делегациясының құрметіне Кремльде қонақасы берді.



## Мдарының міндеттері

қият әзірленген жалпы жыйналыс зор белсенділіктеріне қол жеткізеді. Жалпы оқытушылары О-ның ішкі және жөнінде, сондай-ақ практикалық мәселе пікірлерін айтып, олардың бағасын мен өзара сыныпты жұмыста орындайтын аңады, олардың міндеттерін айтады.

Қазіргі жұмыс — мектептің негізгі салаларының негізгі салалары мен мектептің кәсіподақ жұмыстың бүкіл арнасын қамтамасыз етеді. Кәсіподақ жұмысына бірдей қызығушылықпен, оқу-тәрбиенің бірлесіп отырып орындауға тиіс. Кәсіподақтың негізгі міндеттері мен оның алдыңғы қатарлы жұмыс тәжірибелерін, идеялық-теориялық білімдерін және оқу сапасын төмендету міндетін қамтамасыз етумен және пайдаланып, кейін қалғандарына қосу қажет.

Алдағы міндет мектеп кәсіподақ ұйымдарының жұмысын оқу-тәрбие мәселесінің өскелең талаптарына сай ұйымдастыру болып табылады. Сондықтан кәсіподақтарының облыстық, аудандық комитеттері кәсіподақтарының бастауыш ұйымдарына нақтылы басшылық жасап, олардың жұмыс дәрежесінің жоғары болуына жауапкершіліктері керек.

Мектептердің бастауыш партия ұйымдары мен аудандық, қалалық партия комитеттері кәсіподақ ұйымдарының жұмысын үнемі бақылап, олардың оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға қол жеткізеді.

Сапасын төмендетіп жүрсе немесе тұрмыстың азғындығына салынған оқытушы-кәсіподақ мүшелерінің теріс істеріне көмекті қарайды. Жасыратыны жоқ, кейбір мектептерде тарих, тіл және әдебиет пәндерінен сабақ идеялық жағынан төмен, коммунистік құрылыстың міндеттерімен байланыстырылмай беріледі. Сондай-ақ, кейбір оқытушылар көзбояушылыққа салынып, оқушылардың сабақты үлгеру жөніндегі бағаларын орынсыз жоғарылатады. Ал, кәсіподақ ұйымдары осындай фактілерді біле-тұра ешбір шара қолданбай келеді. Мұндай кемшіліктерге төзуге болмайды.

Мектеп кәсіподақ ұйымдарының жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілуіне бастауыш және орта мектептер қызметкерлері кәсіподақтың облыстық комитеті үлкен кінәлі. Облыстық комитет, оның председатели Колесникова жолдас ауыл-селолық жерлердегі мектептердің, оның кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жетектейді.

Облыстық комитет аудандық комитеттер мен жергілікті комитеттерге басшылықты тек директивалар жазумен тындырып отыр. Облыстық комитеттің мектептер мен оның кәсіподақ ұйымдарына өмірінен қол үзгендігі сондай, тіпті ол облыс көлеміндегі бірде-бір кәсіподақ ұйымының жұмыс тәжірибесін қорытып, көпшіліктің игілігіне айналдыра алмай келеді.

Алдағы міндет мектеп кәсіподақ ұйымдарының жұмысын оқу-тәрбие мәселесінің өскелең талаптарына сай ұйымдастыру болып табылады. Сондықтан кәсіподақтарының облыстық, аудандық комитеттері кәсіподақтарының бастауыш ұйымдарына нақтылы басшылық жасап, олардың жұмыс дәрежесінің жоғары болуына жауапкершіліктері керек.

Мектептердің бастауыш партия ұйымдары мен аудандық, қалалық партия комитеттері кәсіподақ ұйымдарының жұмысын үнемі бақылап, олардың оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға қол жеткізеді.



Қарағандының жүздеген шахтерлері өздерінің жеке пайдалануына жеңіл автомашиналар сатып алуда.

**СУРЕТТЕ:** Социалистік Еңбек Ері, құрметті шахтер, Горбачев атындағы шахтаның комбайншысы Мұстафа Айтқұлов (сол жақта), осы шахтада десятник болып істейтін өзінің досы Ағымбай Шорғаевпен бірге шахтерлердің Мәдениет сарайына келіп тұрған кезі.

Суретті түсірген П. Федоров.  
(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

### ҚАНТ ҚАЙНАТУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

**ЖАМБЫЛ.** (ҚазТАГ). Жамбыл қант комбинатында быйылғы жылдың қызылшасынан қант қайнату басталды. Бүгін инженер Михаил Дорошенконың емеңасы алғашқы жүздеген центнер қантты қайнатты. Партияның XIX съезі құрметіндегі станхановтық вахтаға тұрған, кәсіпорын коллективі 5 октябрьге дейін 36 мың пұт жоспардан тыс қант шығарып, өзіндік қызылшаны арзандатуға міндеттенді.

Заводтың маусымға әзірлігін мемлекеттік қайыптану комиссиясы тексеріп, қол бағы

## ЖАҢАШЫЛДАР

Слесарь Леонид Пошивалкин Петропавл вагон депосының автоматтық саққылау пунктінде көп жылдан бері жұмыс істей келеді. Бір күні жұмыс аяғында ол бөлшектерді өңдейтін қысқыштардың қасында тұрып, ойланды.

—Қысқыш деген жақсы нәрсе. Бөлшекті ұстауға ыңғайлы. Алайда, оның арасына бөлшекті салып қысу үшін көп күш жұмсау керек болады. Қысқышпен жұмыс істегенде әрқашан аяғыңнан тік тұру керек. Қанша жас болсаң да үнемі аяғыңнан тік тұру мүмкін емес. Осы қысқыштың арасына бөлшекті салып, қысқанда көп күш жұмсамастай жеңілдетуге болмай па екен? Мүмкін болатын шығар, бірақ қалай істеу керек?

Кранға сүйеніп тұрып Пошивалкин ойлана бастады.

—Қыйын жұмыс, дегенмен ойлану керек екен. Ол кранның тұтқасын «ойламаған жерден басып қалғанда кранның ішіне жыйналған ауа сыртқа ерекше күшпен атылып, оның қолын лақтырып жіберді. Ол кранды қолымен жаба қойды да:

—Міне, күш қайда жатыр! — деп жымып күлді.

Міне, дәл осы уақытта жас слесарьдың ойына қысылған ауаны пайдаланып, оны қысқыштардың ертеден келе жатқан винттерінің орнына пайдаланбақ болды. Пошивалкин қысқыштардың винтін қысылған ауамен алмастыру жөніндегі ойын өзінің жолдасы слесарь Василий Семеновқа айтты. Осы күннен бастап жұмыстан кейін Леонид Пошивалкин мен Василий Семенов қаңылтыр мен ағаштан балалардың ойыншығына ұқсас кішкене күрекке ұқсас бір нәрсе жасады. Олар верстактың ішін темір цилиндрмен, манометрмен және резинкалы түтіктермен толтырды. Пошивалкин түн ұйқысын төрт бөліп, бір сызықтармен үнемі шұғылданумен болды.

Бір неше ай өткеннен кейін вагон депосында Пошивалкин мен Семенов ауаны күшімен темір қысатын қысқыш жасап шығарыпты деген хабар таратылды. Жұмыс жасауға бастамай-ақ олар қол

темір жол жұмысшылары Петропавл вагон депосына жиі-жиі келе бастады.

Петропавл вагон депосында мұнан бұрын да жаңалық тапқыштар бар.

Солардың бірі депоның техникалық бюросының инженері Николай Понтелеевич Чикунов. Ол слесарь И. П. Липатовпен бірлесіп отырып, тамаша станок жасап шығарды. Ол станок Петропавл вагон депосында әзірленіп, қазір пайдалануға берілді. Ол «үш шпиндельді гайкаға бұранда салатын» станок деп аталынады.

Вагондар мен платформаларды, мұнай құйған цистермаларды, жөндеуге мыңдаған гайкалар керек. Ал әрбір гайкаға бұрандалы қуыстар болуға тиіс. Мұнан бұрын гайкаларға бұранда қолмен салынатын. Бұл қыйын жұмыстың бір түрі болып есептелінетін еді, өйткені әрбір 5 минутта бір гайкаға ғана бұранда салынатын. Чикунов жасаған станок гайка жасау жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, әрі оның өнімін арттырды. Гайканың қуысына бұранда салатын жұмысын 5 минуттың ішінде он гайка жасап шығара берді.

Жаңалық тапқыш инженер мұнан бұрын да тағы бір станок жасап шығарды. Бұл станокпен тозған электр проводтарын қайтадан бұрынғы қалпына келтіруге болады.

Коммунист Андрей Теплов гайкалардың кілтін істеп шығару көп уақытты әкетеді деп ойлап жүрді. Бір кілтті жасап шығару үшін темірді балқыту керек, оған кейін кесу керек. Содан кейін кесілген бес темірді бір жерге қосып жону станогына орнатып, оны кілттің түріне келтіру қажет. Содан кейін барып, гайканы бұрап алатын қуыс шығарып, ол қуыстың өзін төрт бұрыштау қажет. Қысқасы жұмысы көп нәрсе.

Бір күні Теплов өзінің жолдасы слесарь Маршалға келіп, гайка кілтін жасауға жеңілдетуге болмай-ақ олар қол



Облысымыздың заводтарында, фабрикаларында, кәсіпорындарында, ауыл-саяси

Сотников жолдастар картиналар салуда, бақылаушылар Сидельницкая, Молодцова жолдастар әшекей кестесін дайындауда.

Облыстық кәсіпсәдақтар Советінің аға нұсқаушысы.

кірші күндрудің онайлық жоспарын 25 сентябрьге дейін орындау үшін күресуде. (ҚазТАГ).

натып іске қос құрылысымен т Барабинск, Тата

# Колхоз өмірінің мызғымас заңы

Бүгін ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Колхоздарда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзуды жою шаралары туралы» 1946 жылғы 19 сентябрьдегі тарихи қаулысының жарияланғанына 6 жыл толды. Партия мен үкметіміздің бұл қаулысында колхоздарда еңбеккүндердің орынсыз жұмсау, колхоздың қоғамдық жерінің үлеске түсу, колхоз мүлкінің талан-таражға түсу, колхоздарды басқарудың демократиялық негіздерінің бұрмалану фактілері атап көрсетіліп, мұндай бұрмалаушылықтарды жоюдың нақтылы шаралары белгіленді.

ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті колхоздарда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалау колхоз ісі үшін және еліміздегі социалистік құрылыстың барлық саласына зиянды деп есептеп, партия, совет және шаруашылық ұйымдарынан колхоз құрылысы жөніндегі саясатты бұрмалаушылыққа қарсы қатаң күрес жүргізуді, сөйтіп, колхоздарда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалау жөніндегі фактілерді ақырына дейін жоюды талап етті. Партия мен үкметіміздің бұл тарихи қаулысы колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан онан әрі нығайтуда зор роль атқарды. Сонымен бірге, бұл қаулы колхоз құрылысы және оның өркендеуі мен гүлденуі жөніндегі сталиндік қамқорлықтың тағы бір айқын бейнесі болып табылады. Өздің облысымыздың колхозшылары үкмет пен партиямыздың жоғарыда аталған қаулысына саяси және өндірістік өрлеумен жауап беруде. Облыстың партия, совет ұйымдары колхозшылар бұқарасының белсенділігін бастай отырып, соңғы алты жыл ішінде ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзулы

★  
**А. СЕЙФУЛЛИН,**  
ССРО Үкметі жанындағы колхоз істері Советі өкілінің Солтүстік Қазақстан облысындағы бақылаушысы.

★

жою және колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту жөнінде бірқатар жұмыс істеді.

Облыс колхоздарына соңғы жылдары заңсыз үлеске түскен колхоздардың бірсыпыра қоғамдық жерлері, мал-мүлік, ауылшаруашылық өнімдері құрылыстары қайтарылып берілді. Колхоздарда еңбеккүн жұмсау ісі тәртіпке келтірілді. Колхоз өндірісіне ешқандай қатысы жоқ әкімшілік-басқару аппаратындағы қызметтердің штаты қысқартылды. Осының есебінен еңбекке жарайтын көптеген колхозшылар тікелей колхоз өндірісінде, егін бригадалары мен мал фермаларында жұмыс істеуге жіберілді. Ауылшаруашылық артелі Уставының колхоз басқармалары мен председателдерін, тексеру комиссияларын жалпы колхозшылардың сайлауымен тағайындау жөніндегі талабы толық жүзеге асырылды.

Үкмет пен партиямыздың колхоздарда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзуды жою шаралары туралы қаулысының жүзеге асырылуының нәтижесінде колхоздардың қоғамдық шаруашылығы әлдеқайда нығайды. 1946 жылмен салыстырғанда 1952 жылы колхоздардың бөлінісін қоры 1,6 есе, негізгі қаражаттары екі есе өтті. Облыс колхоздарында еңбек тәртібі анағұрлым нығайып, еңбекті ұйымдастыру және колхозшылардың еңбеккүндеріне ақы төлеу ісі жақсарды. Колхозшылардың еңбек өнімділігі айтарлықтай артты.

Алайда, облыс колхоздарында ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалау

уашылық артелінің Уставын бұрмалау фактілері толық жойылды дегуге болмайды. Жекелеген колхоздарда күні бүгінге дейін ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалаушылар жоқ емес. Мұның себебі облыстық, аудандық ұйымдардың кейбір басшылары ССРО Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «ССРО Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің колхоздарда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзуды жою шаралары туралы», 1946 жылғы 19 сентябрьдегі қаулысының орындалуының барысы жөнінде осы жылғы февраль айындағы қаулысын әлі де болса қанағаттанғысыз орындап отыр. Олар ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзуды жою жөнінде бұқара арасында түсінік және ұйымдастыру жұмыстарын жеткіліксіз жүргізеді. Кейде колхоз құрылысының жауларына қатаң шара қолданудың орнына, ымырашылыққа салынады.

Осы жылдың өткен 9 айында облыс колхоздарында колхоздардың қоғамдық 638 гектар жерін үлеске салған 247 факті кездесті. Октябрь совхозының директоры Воилов жолдас «Трудовик» колхозының (Октябрь ауданы) қоғамдық жеріне қожалық жасап, 362 гектар шабындық жерін өз бетімен пайдаланды. Ленин ауданының мал дайындау мекемесінің бастығы Линник осы аудандағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының 27 гектар шабындық жерін пайдаланды. Совет ауданындағы орман шаруашылығының директоры Мельниченко жолдас Чистов совхозына орман алқабындағы шабындық жерлерді пайдалану жөнінде заңсыз рұқсат берген. Совхоз басшылары осы сылтауды пайдаланып, Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының 221 гектар шабындық жерін талан-таражға салды.

Кейбір аудан басшылары, МТС директорлары ауылшаруашылық артелінің Уставын қатаң сақтау ісіне бақылау жасау орнына, өздері колхоз дәулетіне қол сұғады. Мысалы, Булаев ауданы ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Шалимов және сол бөлімнің кейбір мамандары аудандық ауылшаруашылық бөлімінің жұмысқа жарамсыз, кәрі, аурулы аттарын айырбастап, колхоздардан таңдаулы алты жылқы алғаш. Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің аппаратында Коломиец деген алаяқ нұсқаушы-бухгалтер болып жұмыс істеп келген. Ол өзінің қызмет бабын пайдаланып, колхоз меншігін талан-таражға салушыларды үнемі бұржәмеледі. Олармен ауыз жаласты. Осы қылмыстары үшін Коломиец сотталған болатын.

Алайда, Шалимов жолдас Коломиецті күні бүгінге дейін аудандық ауылшаруашылық бөлімінің аппаратында ұстап келеді. Осы аудандағы Сталин атындағы колхоздың басшылары бір жылдың ішінде колхоздың 19 бас қойын, 5 жылқысын, 3 бас ірі қара малын және 7 мың сом ақшасын талан-таражға салды. Осыған қарамастан айыпты адамдар жауапқа тартылмай келеді. Бұл жөнінде Булаев аудандық партия комитеті кімнің екенін айта кетуіміз керек. Өйткені, аудандық партия комитеті колхоз председателдерін іріктеп алу, оларды тәрбиелеу ісімен жеткіліксіз шұғылданады.

Аудандық партия комитетінің ұсынуы бойынша Булаев МТС-нің бұрынғы участоктік агрономы Айсанов жолдас іріленген Сталин атындағы колхоздың председателі болып сайланды. Айсанов жолдасның председателі болып істегеніне бір жарым жыл уақыт өтті. Ол осы мерзімнің ішінде колхоздың қоғамдық шаруашылығын нығайтудың орнына, әлсіретті. Пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық. Осы мерзімнің ішінде колхоздың бөлінісін қорыған 42,2 мың сом,

қоғамдық малын колхозда қоғам есебінен өсейі

Осы аудандағы председателі Рамазановпен бірігіп сом ақшасына жұмсады. Аудандық партия Совет атқоміне пайда, олар колхозға ешбір шаруашылыққа салынады.

Машина-тракторларды ұйымдық нығайту үшін бірге тиіс. Алайда, тракторлардың ақуатын толық пайдаланушылығының колхоздарда еңбек жұмыстарды мекеме, колхоздарда талған егіндік жемелерін артықтардың қоғамдық жұмсауына жо.

Кейбір МТС бұқары әрекеттер үшін заттар бригадаларының пұт астықты мың еңбеккүнді мың сом ақша а фактілер, әсіресе Петропавл МТС-і


Колхоздардан транспорт ұйымы «Заготтранс»-тың авторотасының бөлікх деген үне нышып, (тек эзір дан) 2300 пұт а зан бағамен алған



# Ел ырысы, халық дәулеті

ының егіншілері кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа берген сертке сай астық дайындау жоспарын аброймен орындап шықты.

☆ ☆ ☆ ☆ ☆ ☆



СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай). 1. Тоқшын элеваторы. 2. «Путь Ильича», колхозының қырманында астық тазартып жатқан кез. 3. Электр өнеркәсіп зауытының шофері В. Веремеев «ЗИС-6» машинасымен Тоқшын элеваторына тәулігіне 18—20 тонна астық жеткізіп жүр.

Суретті түсірген Г. Бредигин.

## Қажырлы еңбек жемісі

\*\*\*  
**Н. ПЕТРЕНКО,**  
 Сталин атындағы колхоздың  
 председателі.  
 \*\*\*

Быйылғы көктем жоғары агротехниканың көктемі болды. Біздің колхоздың мүшелері көктем егісін қысқа мерзімде агротехникалық ережелерге сай өткізді. Бұл жағдай егістің барлық көлемінен мол өнім алуға мүмкіншілік берді.

Быйыл 3348 гектар жерге дәнді дақылдар егілген еді. Бұл алаңның егіні бітік өсті. Дәнді дақылдардың әрбір гектарына орта есеппен 100 пұттан өнім алдық. Аз, жекелеген учаскторден 18—20 центнерден өнім жыйналды.

Біздің колхоз астық дайындау жоспарын аудан бойынша озаттардың бірі бөліп, мерзімінен бұрын орындап шықты. Дайындау пункттеріне 78 мың пұт жоғары сапалы астық өткізілді.

Егін жыйнауда комбайн негізгі күш. Бізде 10 комбайнмен егін жыйналды. Барлық комбайнды толық қуатымен пайдаландық. Әрбір комбайн агрегатын сабан шөмелеушілермен, су және жанар, жағар майын тасушылармен, бункерден астық алушылармен жеткілікті қамтамасыз еттік. Бункерден 5 арбамен астық қырмандарға үздіксіз тасылды.

Комбайн бункерінен астық алушылар табысты еңбек етті. Т. Қалышев, В. Колчин, Б. Иванов сияқты колхозшылар өздерінің қажырлы еңбектерімен...

## Горлар астық үшін күресте

\*\*\*  
**Е. КРАВЦУН,**  
 Полудень МТС-нің директоры.  
 \*\*\*

## Коммунистер астық дайындауды ұйымдастырушы болды

\*\*\*  
**П. БУРЯК,**  
 Полудень ауданы, Киров атындағы колхоздың партия ұйымының секре тары.  
 \*\*\*

Колхоз коммунистері өздерінің күш-жігерін жоғары партия ұйымының...

комбайншылар егін | ция орнаттық. Механизаторлар комбайн-  
 ырындап шығу же- | ның немесе трактордың бұзылғандығын



## Қ. ЖҰМАНҒАРИНОВ,

Учалов атындағы колхоздың шофері.

Бүкіл аудан еңбекшілерімен бірге, біздің колхоздың егіншілері де егін жыйнау мен астық дайындауды алғашқы күннен бастап өрістете жүргізді. Мұндай қажырлы күрес өзінің жемісін берді. Колхоз аудандағы алдыңғы қатарлылардың бірі болып мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындап шықты. Дайындау пункттеріне 7 мың центнер астық тапсырылды.

Астық дайындауға мен де өз үлесімді қостым. Кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді аброймен орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, мен быйыл дайындау пункттеріне 6 мың пұт астық жеткізуге міндеттенген едім. Алған міндеттемемді мінсіз орындап шығу үшін күнітүні бірдей еңбек еттім. Машинамды үнемі жоғарғы күтімде ұстап, оның өнімділігін мейлінше арттырдым. Сөйтіп, қабылдау пункттеріне жиі қатынап отырдым.

Мен таңертеңгі сағат 6-да дайындау пунктіне бір рет астық жеткіземін. Содан түнгі сағат 2—3-ке дейін астық тасумен боламын. Сөйтіп, Ганькинодағы «Заготзерно» пунктіне күн сайын 175—200 центнерден астық тасып отырдым. Дайындау пунктіне күніне 10—15 рет қатынаймын.

Колхозда астық дайындау науқаны басталғалы дайындау пункттеріне 9 мың пұтқа жуық астық жеткіздім. Осымен алған көтеріңкі міндеттемемді мерзімінен бұрын орындап шықтым.

Дайындау пункттеріне астық тасып келгенде на қойғаным жоқ, комбайн бункерінен қырманға 1000 пұтқа жуық астық тасылды. Бұл астық дайындауды көп жеңілдетті.

Партияның көзекті XIX съезін шақыру туралы хабарды мен де зор қуанышпен қарсы алдым. Съезд құрметіне вахтаға тұрып, еңбекте жаңа табыстарға жетемін, дайындау пункттеріне нормадан тыс тасып жүздеген центнер астық тасыймын.

жынып, колхоздарға мал азығы қорын жасау жөнінде зор көмек көрсетілді.

Комбайндарға техникалық байқау жасауды быйыл едәуір жақсарттық. Бұл үшін 4 жылжымалы мастерскойды жұмысқа қостық. Олар арнаулы график бойынша колхоздарға барып, комбайншыларға қолма-қол көмек көрсетіп отырды.

Осымен қатар, 16 трактор отрядында ра-

бағандықтан комбайндардың тоқтап қалуына жол берілді.

МТС механизаторлары енді бір-екі күн ішінде егін жыйнауды толық аяқтайды. Мұнан кейін біз трактор паркін түгелдей зияб жыртуға қосамыз. Зияб жыртуды барлық жағынан үлгілі жүргізіп, БК(б)П-ның XIX съезіне лайықты тарту әзірлейміз.

# Бірінші парыз орындалды

М. КАМАЛЕТДИНОВ,

ҚК(б)П Полудень аудандық комитетінің секретары.

жұмысын жақсартып, егіншілердің социалистік жарысына нақты басшылық жасауға қолайлы жағдай туғызды.

Киров атындағы колхоз партия ұйымы егін жыйнау кезінде айтарлықтай жұмыс істеді. Бұл колхоз ауданда бірінші болып бірінші парызды өтеді. Егінді ысырапсыз жыйнап алды. Коммунистер астық қырманларында, комбайн агрегаттарында стахановтық еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. 6 коммунист егін жыйнау мен астық дайындауда тікелей жұмыс істеді. Коммунист Бутко жолдас астық қырманын басқарды. Ол астықтың қолма-қол тазартылып, дайындау пункттеріне жөнелтілуін қамтамасыз етті. Үгітші-коммунистер Шкопенко, Терещенко және Романенко жолдасар саяси-бұқаралық жұмысты әсерлі ұйымдастырды. Олар партияның XIX съезіне арналған материалдар жөнінде үзекті дауыстап газет оқыды, әңгімелер өткізді, жауынгерлік листовкалар мен қабырғалар газеттерін шығарды.

Осы сияқты, саяси-бұқаралық жұмыстың әсерлі ұйымдастырылуының нәтижесінде «Қазақстанның 30 жылдығы», «Планы революция», «Путь Ильича», «Победа» және басқа колхоздардың егіншілері астық үшін күресте зор табыстарға ие болды. Бұларда егін жыйнау жұмыстары жан-жақты ұйымдастырылып, комбайндардан түскен астық күнбе-күн тазартылып, мемлекет қоймаларына дереу жөнелтілуде. Тек жөвелеген алдыңғы қатарлы адамдар

жыйнау мен астық дайындауға комсомолецтерді де кең қатыстыра білді. Коммунистер сияқты комсомолецтер де егін жыйнау мен астық дайындауда шешуші күш болды. Олар өндірісте тікелей жұмыс істеп, өнімді еңбектің үлгілерін көрсетті.

Мұндай комсомолецтердің бірі — Д. Қалапшиков жолдас. Ол колхозда шофер. Ол «ГАЗ—51» машинасымен үздіксіз жұмыс істей

дірде.

Қорытып айтсақ, егін жыйнауға аяқтау мыстың негізгі шарты болды. Қарсаңында қалың оған әрбір еңбек ете

толық пайдаланушы. Тароштай және жолдасар өздері жергілікті лайық қуатты. Бұл машинамен дейін астық

Чапаев атындағы қырман «Путь Ильича» гателін сатып орнатты. Сөйтіп механикаланды

Аудан колхоз орындары мен септі. Колхозда кезінде көптеген Қала мекемелі шоферлер Вере Водлазкин және жыйнау кезінде жұмыс істеп, астық тасыды.

Колхозшылар шылары съездің кезінде мал ту жоспарын тастық қысқа мерзеге етеді. Партия мен колхозшылар біз Сталин жолдаспен міндеттемелер



## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС  
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 сентябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясы Бас командованиесінің бүгін берген хабарында Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге тығыз қыймыл жасай отырып, жауға қарсы жергілікті маңызды бар ұрыстар жүргізді делінген.

Зениттік артиллерия бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның 6 самолетін атып түсірді.

ПХЕНЬЯН, 17 сентябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсіріп, бір самолетін зияндады.

### АМЕРИКАН ИНТЕРВЕНТТЕРІНІҢ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНА КӨРСЕТИП ОТЫРҒАН АЮАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ СИНЬХУА АГЕНТТІГІНІҢ ХАБАРЫ

ПЕКИН, 17 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің 15 сентябрь күні Кэсоннан берген хабарында былай делінген.

Келісім туралы келіссөзді шексіз созумен америка жағы, елге қайтаруды бағыл түрде талап етіп отырған соғыс тұтқындарын аюандықпен өлтіруді әлі тоқтатпай отыр.

Американдар тарапынан салынған тығымға қарамастан, америка басқыншыларының жан түршігерлік жаңа қылмыстары мәлім болуда. 12 сентябрь күні Кочжедо аралында соғыс тұтқындарының америка лагерінде бір соғыс тұтқыны

## Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресі алдында

СИДНЕЙ, 16 сентябрь. (СОТА). «Сидней мөрнинг геральд» газетінің хабарларындай, Мельбуридағы унитарлық шіркеудің тақуасы Джеймс бейбітшілікті жақтаушылардың Конгресіне қатысу үшін бүгін Гонконгке ұшып шыққан, оған әрі Пекинге барады. Джеймс бейбітшілікті қорғаудың австриялық Советінің атынан Пекинде сөйлейтіндігін мәлімдеген.

Жоғарыда көрсетілген газеттің хабарына қарағанда, Австралия порт жұмысшыларының кәсіподақ федерациясы Сидней бөлімшесінің секретары Нельсон Пекиндегі

бейбітшілікті жақтаушылар Конгресіне баратын делегаттардың паспортын жоюға қарар қабылдаған үкметтің әрекетіне қарсы елдің барлық докерлерінің біржүндік ереуілін жариялауға жұмысшыларды шақырып, Австралия федерациясының советіне 3 мың жұмысшының талап қоюға ұйғарғандығын мәлімдеген.

«Артус» газеті үкметтің делегаттар паспортын жоюға шығарған қарарына қарсы наразылық білдіру үшін Мельбурн университеті 18 сентябрьде митингі өткізуді ұйғарды деп хабарлайды.

### Американдықтар келіссөз болып жапқан Паньмынчжонь ауданын шпиондар өткізу жұмысына пайдалануда

ПЕКИН, 16 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің Кэсондағы арнаулы тілшісінің 14 сентябрьдегі хабарында былай делінген:

Американдықтар келісім туралы келіссөз жүргізіп жатқан Паньмынчжонь ауданын келіссөз жүргізудің орталығына біздің жағмызға тыңшылар өткізудің негізгі каналына айналдыруда. Бір гоминданшы тыңшы ұрланған жүк машинасымен Паньмынчжоньдағы тоспа жолдар арқылы біздің жерімізге келіп кірді. Ол америка соғыс полициясының көмегімен американдар алып тұрған ауданға қайта оралды.

Басқа бір агентпен бірге осы тыңшы біздің жерімізге өтіп кеткеннен кейін біздің жағмызға оның келгендігі көп кешікпей мәлім болды. Кэсоннан Сарвоньға баратын тас жолдың үстінде жүк машинасының шоферы — қытай халық еріктісіне оқ атып, оны атып өлтірді. Шофердың киімін киіп ол жасырынуға әрекеттеніп жүк машинасымен Кэсонға қарай бет алды. Басқа бір тыңшыны Кэсон ауданына қарай

көріп, оны американдықтардың шлагбаумды көтеріп өткізіп жібергендігін мәлімдеген. Күзетте тұрғандар дұшпанның жүк машинасына шекаралықтан өтуге, әсіресе, бұл жүк машинасының дұшпандық ниетпен келе жатқандығын білген болса, өткізбеген болар еді.

Американдықтардың келіссөз болып жатқан ауданды ертеден бері тыңшылық мақсат үшін пайдаланып келе жатқандығы белгілі. Өткен жылдың октябрь айында Ким Вон Ки деген корей баласы екі жақтың тілшілеріне Кэсонның бейтарап ауданында тыңшылық жүргізу үшін оны американдықтардың қалай алдап, зорлағанын айтқан болатын. Бұл көптеген таласыз фактылардың біреуі ғана.

Келіссөз жүргізу жөніндегі америка делегациясының басшысы Гаррисон келісім туралы келіссөзден гөрі Паньмынчжонь ауданында америка тыңшылығын көбірек ойластыратын сыяқты. 12 сентябрьде болған мәжілістен кейін 11 сентябрьде болған бір жағдайды, яғни Паньмынчжонь арқылы келе жатқан біздің

### ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БОННА БАРУЫ ЖӨНІНДЕ

БОНН, 17 сентябрь. (СОТА). Батыс Германияның ДПА агенттігінің хабарлауына қарағанда, Бонн парламентінің председателі Герман Элерс Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының председателіне телеграмма жолдап, онда Халық палатасы делегациясын 19 сентябрь күні өзінің қабылдауға даяр екендігін білдірген.

Мұнан бұрын хабарланғанындай, Элерс 22 сентябрь күні кездесуге бұйырған болатын.

Неміс делегациясымен кездесудің мерзімін өзгертуді Элерс Батыс Германияға Италияның премьер-министрі Де Гасперидің келуімен байланысты деп сылтаулатады.

### ДИКМАННЫҢ ЭЛЕРСКЕ ЖІБЕРГЕН ТЕЛЕГРАММАСЫ

БЕРЛИН, 17 сентябрь. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының председателі Дикман өзінің Бонн парламентінің председателі Элерске жіберген жауап телеграммасында халық палатасы делегациясының келу мерзімін 19 сентябрьге қалдыру туралы Элерстің өтінішін Халық палатасының делегациясы орындайды деп мәлімдейді.

### АДЕНАУЗР КОНСТИТУЦИЯНЫ БҰРМАЛАЙДЫ

Бонн Федералдық Советі председателінің мәлімдемесі

БЕРЛИН, 17 сентябрь. (СОТА). АДП агенттігі Штутгарттан Бонн федералдық Советінің председателі және Вюртенберг-Баден жерінің премьер-министрі доктор Майер (демократияшы халық партиясы) Штутгартте болған бүгінгі пресс-конференцияда федералдық канцлер Аденауэр Советтің жаңа нотасының мазмұны туралы федералдық советтің сыртқы істер жөніндегі комитет мүшелеріне хабарламандығы үшін айыптағандығын хабар-



Халық армиясының бас командованиесінің хабары (сол жақ).

а  
Бонна шыққан сыяқты халық армиясының жос...

Бұл қорғаныс жұмысының сату-сатпалар маңында...

105—119  
XIX сөзіне  
уде. Бұл  
бұрынғы

мебель, аяқ  
товарлары,  
аруашылық  
келе басма  
тұтыну



олар академик Т. Д. Лысенконың әдісі бойынша жүргізді.

Үстіміздегі жылы колхозшылар екі

### ҚОЙ ҚЫРҚУ АЯҚТАЛДЫ

«Путь к коммунизму» колхозы ауданда бірінші болып күзгі қой қырқуды аяқтады. Үш күннің ішінде электр қайшыларымен 967 қой қырқылды.

Аға сауыншы В. Саютина жолдас өзінің міндетті жұмысынан тыс қой қырқуға да қатысып, жұмыс күнінің 7 сағаты ішінде 35—40 қой қырқтты.

Күзгі қой қырқу маусымын өткізуге дайындалу жұмысында ауылшаруашылық артелінің аға шопаны Ф. В. Кардашева жолдастың қосқан үлесі де айта қаларлықтай.

**М. ҚУАТОВ.**

Ленин ауданы.

### КОЛХОЗҒА КӨМЕК

Амангелді атындағы колхоздың (Пресков ауданы) № 3 бригадасындағы жеті-жылдық мектептің оқытушылар коллективі мен оқушылары егін жыйнау мен астық бастыруда колхозға айтарлықтай көмек көрсетті. 7 класстың оқушылары класс жетекшісі Т. Кожакметова жолдастың басқаруымен бір сменада 250 центнер астық тазартып, дайындау пунктіне жөнелтті.

Бұл мектептің оқытушылар коллективі түнгі сменада жұмыс істеуге қатысуда. Оқытушылар коллективі мен оқушыларының бұл көрсеткен көмектеріне колхоз басқармасы алғыс айтты.

**А. ИБРАГИМОВ.**

**Б. ЕСЛӘМОВ.**

Ленин ауданы.

ПХЕНЬЯН, 17 сентябрь. (СОТА). 10 сентябрьге қараған күні американ авиациясы Пхеньянды ете қатты бомбалаған. Кешкі сағат онжарымда басталған шабуылға бірнеше ондаған Американың «Үшқұш қамал» бомбардировщиктері қатысқан. Американың қарақшылары Пхеньяндың, Пхенченри, Сасанри, Тхансанри тұрғын кварталдарын аюандықпен бомбалаған. Бірнеше сағатқа созылған бомбалаудың нәтижесінде көптеген жер үйлер мен балшықтан құйылған құрылыстар қыйраған. Жүздеген әйелдер мен балалар, қарт адамдар қаза тапқан және жараланған.

Пхеньянда американ авиациясының аюандықпен жаңадан бомбалаудағы мақсаты ешқандай соғыс орындары жоқ аудандардағы бейбіт халықты жаншай қырығуға ұшырату болған.

### ЖАПОНИЯДАҒЫ АМЕРИКАН ЕЛШІСІНІҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ЛАҢЫ

ТОКИО, 16 сентябрь. (СОТА). «Кова симбун» газеті анықталған мәліметтер бойынша Жапониядағы американ елшісі Мэрфидің Жапонияны қайта қаруландыруды көксеп жүрген әртүрлі реакцияшыл партиялардан, соның ішінде либералдар мен оңшыл социалистік партияларынан да, 300 кандидат іріктен алғандығын хабарлайды. Өзіне берілген 17 миллион долларға адамдарды сатып алу жолымен Мэрфи конституцияны қайта қарауды қамтамасыз ету үшін болашақ жапон парламентінде өзіне тиісті көпшілікті құрастырып алуға ниеттенеді. Бұл адамдардың кейбіреулері Мэрфидан 30 миллион иеннен, ал қалғандары 10—20 миллион иеннен ақша алатын болған.

ТОКИО, 16 сентябрь. (СОТА). Жапон баспасөзінің хабарына қарағанда, либералдар партиясының басшысы Хатояма кеше американ елшісі Мэрфиға жолығып, онымен екі сағатқа жуық әңгімелескен.

### Шетелдегі ереуіл қозғалысы

Капитал елдерінде ереуіл қозғалысының өсуі күшейіп келеді. Ассошиэтед Пресс агенттігінің Лос-Анжелостан (АҚШ) берген хабарына қарағанда, «Локхид Эйэрафт Корпорейшн» компаниясы заводтарының жұмысшылары екі апта бойы ереуіл жасап келеді, сол сияқты, Бербанкте «Дуглас Эйрафт компани» компаниясының авиациялық заводтарының жұмысшылары ереуіл жасауда. Осы ереуілмен байланысты Калифорнияның оңтүстік бөлегіндегі авиациялық өнеркәсіптің 40 мыңға жуық жұмысшылары жұмысты мүлдем тоқтатқан. Ереуіл жасаушылар жалақыны арттыруды және еңбек жағдайын жақсартуды талап етеді.

Монтевидеода (Уругвай) порттың жұмысшыларының ереуілі 10 болып жатыр. Багдадта, полиция қайраткерлері мен тұтқынға алу

16 сентябрь күні Мадридтегі ереуілге қатысқан жұмысшылар адам қосылған. Сауыншы жұмысшы жеткен. Ереуілден тан шығаруға қаретінде болып жа

### 100 БАЛЫҚ АУЛАУШЫ ЗВЕНО ТОҚСАНДЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАДЫ

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Теңіз жағасы әлдеқашан алыста қалды, айналада ұшы-қиырсыз көк теңіз ғана көрінеді. Шағын ғана желкемді кеме якорь тастап, звенон жетекшісі Айжанов ауларын жыйнай бастады.

—Бұл жерден көп балық аулайтын болармыз, — деді Айжанов өз звеносындағы балықшыларға.

Бұл күні звенонормаларынан екі есе артық—3 центнер балық аулады. Ажанов—Шевченко ауданындағы «Красный долгонец» колхозының тәжірибелі балықшысы. Ол —жақсы ұйымдастырушы, кәсіпшілік барлаушыларының мәліметтерін шебер пайдаланады, балықтың топталып жүрген

жерлерін жақсы біледі. Оның звеносы тоқсандық тапсырмасын екі есе асыра орындады. Осы колхоздағы Жұмашев пен Шариповтың звенолары да үшінші тоқсанның тапсырмасын асыра орындады.

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан «Қызыл таң» артелінің Талықов, Габушкин, Григорьев жолдастар басқарған және Манғыстау балықшылар одағының Киров атындағы артелінің Оразмағанбетов және Бектеміров жолдастар басқарған балықшылар звенолары балықты көп аулап қайтады.

Облыс колхоздарының 100-ге жуық балық аулайтын звеносы тоқсандық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады.

### КҮЗЕМ ҚЫРҚУ

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Облыс колхоздарында қылыш жүнді қойларды қырқу басталды. «Заготживсырье» пункттері кәзірдің өзінде ондаған центнер күзем жүн қабылдады.

Жезқазған ауданындағы «Бірлестік»

колхозында қой қырқу жұмысы жақсы ұйымдастырылған. Барлық қырқытқышылар күндік нормаларын асыра орындайды. «Бірлестік» колхозы мемлекетке жүн тапсыру жоспарын көктемде асыра орындаған болатын.

### Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1952 жылдың төртінші тоқсан

жазылушылар қабылдады.

Газетке жазылу бағасы

1 айға—5 сом, 3 айға—15

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің тұруын қамтамасыз етеді.

Бухгалтер -ревизор КЕРЕК.

Жұмыс жайы жөнінде облыстық орман шаруашылығы басқармасына, Партизан көшесі 82-үйге келіп түсінік алуға болады.

Мүліктерге

зілуге байланысты 26 сентябрь «Глававтотранспорт» салқы бөлше

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс